

## «Жаңа Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен» байқауның қатысу ережелері

- Байқауға қатысуға барлық мемлекеттердің азаматтары шақырылады (**Қазақстан азаматтарынан басқа**);
- Конкурсқа шетелдік баспа, электронды және онлайн БАҚ-тың **штаттық және штаттан тыс** қызметкерлері және блогерлер қатыса алады;
- Байқауға шетелдік БАҚ-та немесе әлеуметтік желілерде **2021 жылдың 15 шілдесінен 2022 жылдың 15 шілдесіне дейін** жарияланған **300-ден 3000-ға дейінгі** сөзден тұратын ақпараттық материал / ұзақтығы **2-ден 60 минутқа дейінгі** телевизиялық немесе радио репортаж, подкаст, әлеуметтік желідегі жарияланымдар қатыса алады;
- Егер ақпараттық материалдың тілі қазақ, орыс немесе ағылшын тілі болмаса, оның аталған тілдерге аудармасын қоса тіркеу қажет;
- Толтырылған өтінімдерді жарияланған материалмен және оның аудармасымен мына **электронды поштаға жіберу қажет: [mediacontest@mfa.kz](mailto:mediacontest@mfa.kz)**;
- Материалдардың тақырыбы Қазақстанға қатысты бір немесе келесі салалардың бірнешеуін қамтуы тиіс: **экономика және сауда, мәдениет және дәстүр, тарих, туризм, заманауи қоғам, білім және ғылым, спорт**;
- Барлық материалдарды **2022 жылдың 15 шілдесінен** кешіктірмей жіберу қажет;
- Әділқазылар төмендегі аймақтардан **5 жеңімпазды** таңдап алады:
  - Оңтүстік және Солтүстік Америкадан;
  - Еуропадан;
  - ТМД елдерінен;
  - Таяу Шығыс пен Африкадан;
  - Азия-Тынық мұхит аймағынан;
- Туризм бойынша жеке санаттағы **1 жеңімпаз** кез келген өңірден таңдалады;
- Конкурс қорытындысын **2022 жылдың 1 тамызына дейін** жариялау жоспарланған;
- Жеңімпаздар **Қазақстанға сапармен** марапатталады. Ұйымдастырушылар эконом-класпен ұшу, қонақүйде тұру, жергілікті көлік және Қазақстандағы мәдени бағдарлама шығындарын, сондай-ақ тәуліктік шығынның шағын сомасын өтейді.